

2-ШІ САБАҚ
БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТКЕ
ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУЫН ҚАЛАЙ ҚОЛДАУ
КЕРЕК?

Маман нұсқаулығы 2

*Баланы
дамытуд
ы
үйренеміз*

ДДСҰ “Caregiver
Training Skills”
(балаларға күтім
көрсетуді үйрету)
бағдарламасын
Қазақстан
Республикасы
үшін бейімдеу
аясында ҚР
ЕХӘҚМ ӘОД ҒПО,
ҚР ДСМ РПДҒПО
және ЮНИСЕФ
бірлесіп әзірлеген

2-САБАҚ

БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУЫН ҚАЛАЙ ҚОЛДАУ КЕРЕК?

Қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындаңыз

1	Маман нұсқаулығы 1	Әр маманға 1-ден
2	Ата-аналарға арналған буклет. 2-ші сабақ	Әр ата-анаға 1-ден
3	Ата-аналарға арналған жадынама	Әр ата-анаға 1-ден
4	Ата-аналардың жұмыс дәптері	Әр ата-анаға 1-ден
5	Демонстрацияға арналған материалдар: Футболка (ересектің рөліндегі адам демонстрация кезінде балаға кигізеді); Екі жұп шұлық және шалбар (оларды кимейді).	Көйлек немесе жемпір (1 сабақта демонстрацияда қолданылған)
6	Жұптық жаттығуларға арналған материалдар: киім, бет перде, тіс щеткасы, мектеп сөмкесі, табақтар, қасықтар, шыныаяқ және тағы басқа.	1 сабақтағыдай
7	Флипчарт, флипчартқа арналған қағаз, қағазға арналған фломастер немесе бор тақтасы, бор немесе маркер тақтасы, тақтаға арналған маркер	Егер флипчарт қолданылса – 3-4 парақ қағаз қажет
8	Сағат немесе таймер, сабақ кезінде уақытты бақылап отыру үшін	1

1

№2 САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

Сабақтың соңында ата-аналар істеуге тиісті:

I. Алдыңғы сабақтан алған білімін және дағдыларын БЕКІТУ:

- 1) Қандай факторлар баланың дамуының тежелуіне себеп болмайтынын дұрыс түсіну;
- 2) Күнделікті сабақ үшін орынды дұрыс дайындау дағдылары (алаңдататын факторларды алып тастау, баланың таңдауына мүмкіндік беру, баланың деңгейінде және дәл алдында орналасу);

II. Негізгі хабарламаны ТҮСІНУ:

- 1) Бірлескен іс-әрекетке баланың қатысуы, оның үйренуіне және дамуына қалай көмектеседі;
- 2) Баланың қызығушылығына ерудің және баламен өзара әрекет жасағанда мақтаудың маңыздылығы;

III. Дағдыларды МЕҢГЕРУ:

- 1) Балаға мотивация беретін сабақты анықтау: баланы не ынталандыратынын, оны не қызықтырғанын байқау үшін ҚАРАУ және ТЫҢДАУ;
- 2) Баланы мақтау үшін оны бақылау. Бала өзін қашан жақсы ұстайтынын байқау және оны мақтау үшін ҚАРАУ және ТЫҢДАУ;



САБАҚ КЕСТЕСІ

	УАҚЫТЫ	МАЗМҰНЫ	БЕТ
1	5 минут	<u>Босансу үшін қысқаша жаттығу</u>	3
2	20 минут	<u>Бірінші сабақтың негізгі хабарламалары және ұсыныстарына шолу. Үй практикасына шолу. №2 сабаққа кіріспе.</u>	3
3	20 минут	<u>Марияның оқиғасы (жалғасы): Таңба және жалған сенім.</u>	5
4	20 минут	<u>ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ: балаңыз қатыспаған кезінде байқаңыз.</u>	6
	15 минут	ҮЗІЛІС	
5	15 минут	<u>Демонстрация: «Янамен бірге киінеміз (жалғасы)».</u> <u>ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ: сіздің балаңызды не қызықтырғанын байқаңыз; Бала өзін қашан жақсы ұстайтынын байқаңыз.</u>	14
6	30 минут	<u>Жаттығу: Үй практикасын жоспарлаймыз (кеңістікті дайындау, үй практикасы кезінде ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ). Жұптық жұмыс.</u>	18
7	10 минут	<u>Қорытынды топтық талқылау: сабаққа және сабақтан алған дағдыларға шолу.</u>	20
	УАҚЫТ = 65 минут үзілістен бұрын және 55 минут үзілістен кейін.		

2

1. БОСАҢСУҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚА ЖАТТЫҒУ (5 минут)
(қараңыз: Маман нұсқаулығы, жалпы мәселелер, 5-бет)

**2. БІРІНШІ САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ
ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ.
ҮЙ ПРАКТИКАСЫНА ШОЛУ ЖАСАУ. №2 САБАҚҚА КІРІСПЕ. (20 минут)**

Бірінші сабақтағы негізгі хабарламалар және ұсыныстарға шолу

№1 негізгі хабарлама		№2 негізгі хабарлама	
БАРЛЫҚ БАЛАЛАР ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНГЕРЕ АЛАДЫ		БАЛАҢЫЗДЫ КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРГЕ ЖӘНЕ ОЙЫНДАРҒА ҚАТЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҒАН ДАМУҒА КӨМЕКТЕСЕ АЛАСЫЗ	
№1 ұсыныс:	№2 ұсыныс:	№3 ұсыныс:	
КЕҢІСТІКТІ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ: АЛАҢДАТАТЫН ФАКТОРЛАРДЫ АЛЫП ТАСТАҢЫЗ ЖӘНЕ СІЗДЕРГЕ ЕШКІМ КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙТІН ЖЕРДІ ТАҢДАҢЫЗ	БАЛАҒА ҰНАЙТЫН (ОНЫ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН) 2-3 ТҮРЛІ КҮНДЕЛІКТІ ӘРЕКЕТТЕР АРАСЫНДА ТАҢДАУ ЖАСАУДЫ ҰСЫНЫҢЫЗ ЖӘНЕ ТАҢДАУЫН ОРЫНДАҢЫЗ	БАЛАҒА ҚАРАМА-ҚАРСЫ ТҮРЫҢЫЗ, ОНЫҢ КӨЗ АЛДЫНДА ТҮРЫҢЫЗ, БАРЛЫҚ ЗАТТАРДЫ ӨЗІҢІЗ БЕН БАЛАНЫҢ АРАСЫНДА ОРНАЛАСТЫРЫҢЫЗ	

3

Үй практикасына шолу жасау

- Ата-аналарға үй практикасын орындау тәжірибесімен, соның ішінде сәтті және сәтсіз тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік беріңіз. Бұл ата-аналарға бір-бірін көбірек білуге және қолдауға, сондай-ақ сіздің қолдауыңызды сезінуге мүмкіндік береді. Ата-аналардың бір-бірін қолдауын ынталандырыңыз;
- Барлығына ойындағысын айтуға мүмкіндік беріңіз (ешкімнің ұзақ сөйлеуіне жол бермеңіз);
- Түсінгенін тексеру үшін ата-аналардың негізгі ойларын қайталаңыз және дұрыс әрекеттерді мақтаңыз;
- Ата-аналардың жауаптарын флипчартқа немесе тақтаға ЖАЗЫҢЫЗ;

Алдыңғы сабақтың үй практикасының жоспарын қараңыз (Жұмыс дәптерінің 8-беті) және айтыңыз:	Өткен сабақта жоспарлағанымыздай: <ul style="list-style-type: none"> • Өз балаңызбен айналысатын немесе оны қатыстыратын 2 күнделікті сабақты таңдаңыз; • Бірлескен әрекеттер жасаған сайын балаңызбен бірге 5 минут өткізіңіз; Бізді сіздің балаңызбен үй тапсырмасын орындау тәжірибеңіз жайында білу қызықтырады.
--	--

?	<p><i>Біреуіңіз үй тәжірибеңіз қалай өтетінімен бөліскіңіз келе ме:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Сіз қандай әрекеттерді жасап көрдіңіз?</i> • <i>Не жақсы болды? Неліктен?</i> • <i>Сізге не қиын болды? Сіздің қалауыңыз бойынша не дұрыс болмады? Неліктен?</i> 	
<p>Әңгіме барысында анықтап алыңыз:</p>	<p><i>Бала не істеді? Сіз не істедіңіз? Кейін не болды? Ол кезде Сіз қайда болдыңыз? Қасыңызда басқа біреу болды ма?</i></p>	
?	<p><i>Біреуіңіз жоспардан тыс басқа әрекет жасап көрдіңіз бе? Неліктен басқа әрекетті таңдағаныңызды айта аласыз ба?</i></p>	<p><i>Ата-аналардың ықтимал жауаптары:</i> <i>«Біз байқап көрдік, бірақ тапсырма тым оңай болды»;</i> <i>«Біз байқап көрдік, бірақ тапсырма тым қиын болып шықты»;</i> <i>«Біз бұны байқап көрдік, бірақ бала басқа іс-әрекетке қызығушылық танытты, сондықтан біз сол әрекетке көштік»;</i></p>
<p>Айтыңыз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Әрекетті өзгерткен – бұл дұрыс! Баланы дамытуға арналған ең жақсы әрекет – бұл баланы қызықтыратын және балаға мотивация беретін және сіз күн сайын жасайтын әрекет. Қызығушылықтар өзгеруі мүмкін, бұл да дұрыс – баланың қызығушылығын байқап, оның таңдауын ұстанып, кейін басқа әрекетке ауысу қалыпты жағдай;</i> ○ <i>Кейбір іс-әрекеттер сіз үшін және сіздің отбасыңыз үшін маңызды болуы мүмкін, бірақ сіздің балаңызға мотивация бермеуі мүмкін;</i> <p><i>Бұл жағдайда, сабаққа ынталандыру үшін қосымша мақтай отырып, балаға көмектесе аламыз.</i> <i>Біз бұл туралы бүгін сөйлесеміз.</i></p>	

4

Дәретхананы пайдалануды үйрету бұл бағдарламада **қамтылмағанына** көңіл аударыңыз, өйткені ол осы бағдарламада қарастырылғаннан гөрі егжей-тегжейлі жеке тәсілді және көп уақытты қажет етеді. Алайда, егер отбасы осы мәселені шешкісі келсе, егжей-тегжейлі қосымша ақпарат алу үшін бақылаушыға (супервизорға) хабарласыңыз.

№2 сабаққа кіріспе


<p>Айтыңыз:</p>	<p><i>Біз екінші сабақты бастаймыз. Өтініш, ата-аналарға арналған буклеттің 3-бетін ашыңыз.</i> <i>Бүгін біз толығырақ білетін боламыз:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>балаңыздың күнделікті іс-әрекетке қатысуы оның дамуына қалай көмектесетінін;</i> • <i>баланы ынталандыратын әрекеттерді анықтау және уақытында мақтау үшін баладан келген хабарды байқауды қалай үйренуге болатынын;</i> • <i>сіздің проблемаларыңызды түсінбейтін адамдар қалай сізді қоғамнан оқшау етіп сезіндіруі мүмкін екенін;</i>
-----------------	--

Кәнеки, соңғысынан бастайық. Біз соңғы сабақта Мария және оның ұлы Тимурмен таныстық. Кәнеки, Тимурдың үш жасында болған оқиғасы туралы көбірек білуге тырысайық.

3. МАРИЯНЫҢ ОҚИҒАСЫ (ЖАЛҒАСЫ): СТЕРЕОТИПТЕР ЖӘНЕ ЖАЛҒАН СЕНІМДЕР (20 минут)

Ата-аналар суреттерге қарайды:

Сіз оқыңыз:



Тимур жиі ренжитін, ұзақ айқайлап жылайтын. Мария Тимурдың сөйлемегеніне және ол көп уақытын жалғыздықта өткізетініне қатты алаңдады. Оны бірлескен іс-әрекеттерге қызықтыру өте қиын болды. Бастапқыда Мария өз күйзелісімен бөліспеді, өйткені ол басқалардың не ойлайтынынан қорықты;



Ол күйеуіне өзінің қауіптері туралы айтуға тырысты, бірақ соның нәтижесі дау-дамаймен аяқталды. Екеуі де шаршап, қатты күйзеліске ұшырады;



Мария Тимурдың дамуында қиындықтар болғанына өзінің кінәсі жоқ екенін түсінді. Бірақ оған онымен көпшілік алдында болу оңай болған жоқ. Көбісі егер бала сөйлемейтін немесе өзін біртүрлі ұстайтын болса, онда ол балада бір нәрсе жетіспейді, ол бір нәрсеге тәуелді немесе ол оны дұрыс тәрбиелемеген және оны тым еркелетіп жіберді деп түсінеді;



Ол сабақта басқа ата-аналармен қарым-қатынас жасай отырып, көптеген ата-аналардың өздерін осылай сезінетінін білді. Ол басқа ата-аналардың да осындай проблемаларға тап болып, басқа отбасы мүшелерінен, қоғамнан оқшауланғанын сезінетінін естіді. Олар үшін бірге сөйлесу пайдалы болды;

Айтыңыз:

Алғашқыда Марияға өте қиын болды. Ол өзінің уайымын басқа отбасы мүшелерімен және айналасындағылармен бөлісуден қорықты.

?

- Сіз қалай ойлайсыз, неге осындай болды?
- Сізде де осындай қиындықтар болды ма?
- Сіз бұл қиындықтарды қалай игеріп алдыңыз?

	<ul style="list-style-type: none"> ○ Мүмкін кейбіреуі басқа стереотиптер мен жалған сенімдерге тап болған шығар? ○ Мүмкін кейбіреуінде басқаша жағдай болған шығар?
Айтыңыз:	<i>Марияға Тимурмен ортақ тіл табысу қиынға соқты. Ол көп уақытын жалғыздықта өткізді және оны бірлескен істерге қызықтыру өте қиын болды;</i>
?	<ul style="list-style-type: none"> • Сіздің балаңызбен де осындай жағдай болды ма? • Бұл сізге қалай әсер етеді? • Ата-аналарға өз тәжірибелерімен бөліскендері үшін алғыс айтыңыз.
<p>Пікірталас жүргізгенде ашық сұрақтар қойыңыз, бірақ егер олар қаламаса, ата-аналарды жауап беруге мәжбүрлемеңіз. Жеке оқиғаларды топтан тыс ешкіммен бөліспейтінімізді еске салыңыз, біз бұған басында келіскенбіз.</p> <p>Егер ата-аналар пікірталасқа қатысқысы келмесе, көптеген адамдар даму қиындықтары мынадай факторларға байланысты емес екенін ескертіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> × Вакцинация; × «Көз тию» немесе «дуалау»; × «Отбасының немесе ата-бабалардың күнәлары»; × Қорқыныш; × Үйрету үшін ата-аналардың жеткіліксіз күш жұмсауы; × Жақсы көретінін жеткіліксіз көрсету; × Толық емес отбасы; × Ата-аналардың білімінің төмен болуы; <p>1-сабақтың 11-бетіндегі ақпаратты көрсетіңіз.</p>	
Айтыңыз (қорытынды)	<ul style="list-style-type: none"> • Сіз сияқты жалған сенімдер мен қиындықтарды жеңіп, балаларына көмектесуге уақыт бөлуге дайын ата-аналарға ие болғаны үшін сіздің балаларыңыз өте бақытты; • Ата-ана ретінде сізге медицина қызметкерлері мен айналаңыздағылар тарапынан қолдауды сезіну өте маңызды. Біз сізді қолдауға тырысамыз; • Тағы басқа;

6

4. ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ: балаңыз қатыспаған кезінде байқаңыз (20 минут)

Өзара әрекет жасауда баланың қатысу деңгейі (10 минут)

Айтыңыз:	<p>Балалар қоршаған әлеммен, яғни оған зейін қойып, ойын жинақтап, көңілін аударып үш түрлі деңгейде өзара әрекет жасай алады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өзара әрекеттесуге қатыспайды; 2. Тек заттармен өзара әрекеттеседі; 3. Бірлескен іс-әрекеттерге қатысады; <p>Әр деңгейдің мысалдарын қарастырайық. Біз сіздің балаларыңыз туралы кейінірек сөйлесетін боламыз, ал әзірге осы жерде көріп отырған суреттерді сипаттап көріңіз.</p>
-----------------	---

Бірінші мысал 6-бетте. Біз өзара әрекеттесуге **ҚАТЫСПАЙТЫН** баланы көріп отырмыз:

- Мұндай балалар ешкімге де, ештеңеге де мән бермейді;
- Өзара әрекетке қатыспаған соң балалардың үйренуі қиындайды;
- Балалар бірлескен іс-әрекеттерге қатысқан кезде жақсырақ үйренеді;



Ата-аналарға суретті көруге мүмкіндік беріңіз, бағыттаушы сұрақтар қоюды жалғастыра беріңіз:

Ата-аналардың ықтимал жауаптары:

?

1) Қараңызшы, бұл бала адамдармен және заттармен қалай бірлесіп әрекет жасайды?

- Бала ата-анасына немесе заттарға қарай ма немесе олардан теріс айнала ма?
- Ол айналасындағы біреуге немесе бір нәрсеге көңіл аудара ма?
- Ересектерге және олар көрсеткен заттарға қатысты бала қалай орналасқан? Бала **оларға қарай** бұрылған ба, әлде **олардан теріс** айналған ба?

- Бала адамдарға немесе заттарға қарамайды және назар аудармайды;
- Бала теріс бұрылып, үлкендерден алыстайды. Ол сондай-ақ шет жаққа қарайды;
- Баланы ересектер, ойыншықтар немесе кітаптар қызықтырмайды;

2) Бала қайталанатын немесе біртүрлі қылықтар жасай ма?

- Бала қолымен немесе денесімен түсініксіз қимылдар жасай ма?
- Бала өз денесіне (мысалы, қолына) біртүрлі таңданып қарай ма?

- Екінші суреттегі бала қол бұлғап тұр және оларға қарап тұрған сияқты;

Түсіндіріңіз:

Дамуында проблемалары бар балалар кейде екінші суреттегі бала сияқты қайталанатын немесе біртүрлі қимылдар көрсетеді. Кейде бұл қозғалыстар өте қысқа және балалар бір нәрсеге қобалжыған кезде пайда болуы мүмкін. Бұл мысалда бала ересек адамды және оның әрекеттерін байқамайды. Ол басқа жаққа қарайды. Баланың мінез-құлқы оның бірлескен іс-әрекеттерге қатыспайтындығын білдіреді.

Айтыңыз:

Екінші мысал 7-бетте. Біз **ТЕК ЗАТТАРМЕН ӘУЕСТЕНГЕН** баланы көріп отырмыз:

- Мұндай балалар тек заттарға ғана көңіл аударады;
- Олар адамдарға зейін қоймайды немесе олармен өзара әрекеттеспейді;

- Заттарға үйір болу балалардың үйренуін қиындатады;
- Балалар бірлескен іс-әрекеттерге қатысқан кезде ғана жақсырақ үйренеді;




Ата-аналарға суретті көруге мүмкіндік беріңіз, бағыттаушы сұрақтар қоюды жалғастыра беріңіз:

Ата-аналардың ықтимал жауаптары:

?	<p>1) Бала заттармен не істеп жатыр?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бала затқа қарап отыр ма әлде ата-анасына ма? • Ол затқа қалай қарайды? Бұл қадала қараған мұқият көзқарас па? • Бала заттарды ерекше түрде қолданғысы келетін және бірдеңе өзгерсе ренжитін сияқты көріне ме? 	<ul style="list-style-type: none"> – Бала заттарға өте мұқият қадала қарайды; – Бала айналасында ешкімді байқамайды; – Бала заттарды өзінше қолданғысы келеді және біреу оларға қол тигізгенде ашуланады;
	<p>2) Бала адамдармен қалай өзара әрекет жасайды?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл іс-әрекетке ересек адам қатыса ма? • Бала ересек адамға қатысты қалай орналасқан? Оған қарай бұрылды ма, әлде одан теріс айналды ма? • Баланың қасында ересек адам бар ма, жоқ па, бала соны байқай ма немесе уайымдай ма? 	<ul style="list-style-type: none"> – Бала ешкімді байқамайды және ешкіммен өзара әрекеттеспейді; – Бала заттарға бұрылған, ол басқа адамдардан теріс айналған; – Ол адамдардың болу-болмауына мән бермейді, ол оларды байқамайды;
	<p>3) Бала қайталанатын немесе біртүрлі қылықтар жасай ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бала бір әрекетті қайта-қайта жасай ма? • Бала заттармен жұмыс істеудің белгілі бір тәсілімен айналысатын сияқты ма? • Бала заттарды әдеттен тыс өзгеше немесе ерекше біртүрлі тәсілдермен қолдана ма? Мысалы, оларға белгілі бір қырынан қарау, оларды иіскеу немесе жалау? 	<ul style="list-style-type: none"> - Бала бір әрекетті бірнеше рет қайталайды; - Бала заттарды белгілі бір тәртіппен орналастырғанды қалайды: шыныаяқтарды қатарымен және белгілі бір ретпен қораптарға салынғанын; - Бала шыныаяқты ұстағанда оларға өте мұқият қарайды;
<p>Түсіндіріңіз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Егер айналасында адамдар болмаса да бұл балалар заттармен дәл осылай әрекет жасайтын еді; • Бала қораптармен жалғыз ойнағанды ұнатады, оларды басқа адам орналастырғандай емес, көрнекті түрде орналастырады; • Қиындықтары бар балалар, осы екі бала сияқты, кейде заттармен 	

	<p>қайталанатын немесе біртүрлі әрекеттерді көрсетеді;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балалар заттарға қатты зейін қойып, назар аударған кезде осы заттарды баламен өзара әрекет жасау үшін қолдану әдістерін табу мақсатында біз көп жұмыс істеуіміз керек; • Бәлкім, баланы аз қызықтыратын заттармен жаттығу жасау керек шығар, ал баланы қызықтыратын заттарды біз кейінірек қолдана аламыз;
--	--

Айтыңыз:	<p>Үшінші мысал, 8 бетте. Біз <u>БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТКЕ ҚАТЫСАТЫН</u> баланы көріп отырмыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Бұл балалар өзгелермен әрекеттеседі, бір мезгілде адамды да және бірге жасап жатқан әрекеттерді де байқайды; ○ Баланың бірлескен іс-әрекеттерге қатысуы – балаларды тәрбиелеудің ең жақсы әдісі;
----------	---



Ата-аналарға суретті көруге мүмкіндік беріңіз, бағыттаушы сұрақтар қоюды жалғастыра беріңіз:

Ата-аналардың ықтимал жауаптары:

?	1) Бала заттармен немесе адамдармен қалай өзара әрекеттеседі
	<ul style="list-style-type: none"> • Бала ересек адамға қатысты қалай орналасқан? Оған қарай бұрылды ма, әлде одан теріс айналды ма? • Бала неге қарап отыр? • Бала және ересек адам іс-әрекетке бірдей қатыса ма? • Бала ересек адамның не істеп, не айтып жатқанына көңіл



- Бала екі нәрсеге назар аударады: (1) ересек адамға және (2) бала мен ересек адамның бірлесіп істейтін әрекеттеріне;
- Бала осы іс-әрекетке байланысты жаңа сөздерді үйрену үшін ересек адамның оған не айтып жатқанын байқайды;
- Бала ересек адамға және ересек

	<p><i>бөле ме? Сіз не айта аласыз?</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Бірлесіп қатысу – бұл балалардың сіздің әрекетіңізден барынша көп пайда алатын уақыты. Сіз не ойлайсыз, неге? • Мінез-құлықтан нені байқайсыз? • Бірлескен іс-әрекеттерге қатысатын баланың мүлдем қатыспайтын немесе тек заттарға әуестенетін балалармен салыстырғанда, мінез-құлқынан нені байқайсыз? 	<p>адамның іс-әрекетті қалай жасайтынына назар аударады, осылайша бала осы әрекеттерді орындауды үйренеді (мысалы, қолды қалай жуу, қалай кітап оқу, қалай ойыншықпен ойнау);</p>
--	--	---

<p>Айтыңыз:</p>	<p>9-бетті қараңыз. Біз баланың әр түрлі қатысу деңгейлерін қарастырдық.</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Барлық балалар біраз уақыт әр түрлі деңгейде қатысады; ○ Бірақ дамуында қиындықтары бар балалар көбіне қатыспайды немесе тек заттарға қызығушылық білдіреді; ○ Сондықтан, біздің міндетіміз – баланың үйренуіне көп мүмкіндіктер беру, бірлескен іс-әрекеттерге ұзақ уақыт қатысуына көмектесу; <p>10-беттегі Лейланың оқиғасын қарастырайық.</p>
------------------------	--

Лейланың оқиғасы: Бірлескен іс-әрекеттерге көбірек уақыт бөлуді үйренеміз (10 минут)

10

<p>Айтыңыз:</p>	<p><i>Лейла жеті жаста, қарым-қатынас жасау үшін екі сөз қолданады және жануарларды жақсы көреді. Оның сөйлеуі оның жасындағы балалардан әлдеқайда нашар. Лейла бізге қатысудың әртүрлі деңгейлерін көрсетеді. Кәнеки, оның мысалын пайдаланып, оған бірлескен іс-әрекеттерге қатысуға ұзақ уақыт жұмсауына қалай көмектесе алатынымызды қарастырайық.</i></p>
<p>Ата-аналар суретке қарайды</p>	<p>Сіз оқыңыз</p>
	<p><i>Бұл Лейланың сүйікті кітабы. Ол бұны жатқа біледі. Ол әр беттегі сөздерді ретімен айтуды ұнатады. Егер анасы басқа әңгіме айтқысы келсе немесе парақтарды өткізіп жіберсе, ол ашуланады. Лейла айналасындағы адамдарға емес, көбінесе өз кітабына назар аударады.</i></p>
	<p><i>Лейланың анасы Лейланы қандай да бір ортақ іс-әрекеттерге қатыстырғысы келеді. Ол ЛЕЙЛАНЫ ҚАЗІР НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН байқау үшін ҚАРАЙДЫ ЖӘНЕ ТЫҢДАЙДЫ. Ол Лейланың джунглидегі жолбарыстың суреті салынған бетке қарап тұрғанын көреді. Сонда Лейламен айналысу үшін анасында идея пайда болады! Ол қорап пен жануарлардың бірнеше суретін алып келеді. Ол</i></p>

Лейла, бұл – джунгли!

қорапты көрсетеді және «Лейла, бұл джунгли!» дейді.



Анасы Лейланы бірлескен іс-әрекеттерге қатыстыруға әрекет жасайды. Ол **ЛЕЙЛАНЫҢ ДӘЛ АЛДЫНДА ОТЫРАДЫ ЖӘНЕ ЛЕЙЛАНЫҢ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕЙДІ.** Ол қорапты **ӨЗІ МЕН ЛЕЙЛАНЫҢ АРАСЫНА ҚОЯДЫ.** Содан кейін жолбарыстың суретін қорапқа салып: «жолбарыс джунглидің ішінде!» деп айтады. Лейла бір секунд анасына қарайды да, кейін қайтадан кітабына оралады.



Лейланың анасы **ТАҒЫ ДА ТАЛПЫНЫП** көреді. Енді ол Лейланың кітаптағы пілге қарап тұрғанын байқайды. Лейланың анасы пілдің суретін көрсетіп: «Бізде піл бар!» деп айтады. Бұл жолы Лейла ұзағырақ қарайды.



Лейланың анасы пілді джунгли қорабына салады, ал Лейла қазірше бақылап тұр. Сонда Лейла пілді «джунглиге» жібереді! Бұл **БІРЛЕСКЕН ҚАТЫСУ:** Лейла және оның анасы бірге бірдеңе жасап жатыр және Лейла **АНАСЫН ЖӘНЕ БҰЛ - САБАҚТЫ БІР МЕЗГІЛДЕ БАЙҚАЙДЫ!** Анасы Лейланың көңілін көтергісі келеді, тебіреніп тұрып: «Пілдер келе жатыр!» дейді.



Содан кейін Лейла кітапқа тағы да қарап, жануарлардың атын атауға тырысады. Анасы қолын шапалақтап Лейланы мақтайды, өйткені ол **КӨҢІЛДІ, ПОЗИТИВТІ ЖӘНЕ МАҚТАУЛАР КӨП БОЛҒАН** бірлескен іс-әрекеттерде балалар жақсырақ үйренетінін біледі.

Сіздің әрекеттеріңіз және сөздеріңіз:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:	
?	1) Лейла қатысқан жоқ деп ойлайсыз ба?	<ul style="list-style-type: none"> – Жоқ, Лейла қатысты. Оны заттар қызықтырды немесе өзара әрекеттесуімен бөлісті; – Ескерту: егер Лейла бұл сөздерді кітапты қолданбай қайталаса, бұл қатысудың белгісі болмас еді;
	2) Лейланы тек заттар қызықтырды ма?	<ul style="list-style-type: none"> – Иә, ол кітапқа назар аударады, анасын байқамай, біртекті сөздерді қайталайды; – «Пілді джунглиге жібергеннен» кейін ол қайтадан кітапқа оралады;
	3) Сіз байқадыңыз ба, Лейла қызығушылығын ҚАЛАЙ білдіреді?	<ul style="list-style-type: none"> – Анасының «жануарды джунглиге» қалай жіберіп жатқанын бақылайды; – Анасының әрекеттеріне еліктейді;
Түсіндіріңіз (9 бет):	<p><i>Есіңізде болсын:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Бірлескен іс-әрекетке бірде бір бала 100% уақыт бойы қатыса алмайды; • Балалар біраз уақыт бойы барлық үш деңгейде қатысады; • Біздің мақсатымыз - баланың бірлескен іс-әрекеттерге көбірек қатысуына көмектесу, яғни: <ul style="list-style-type: none"> ○ қатысу сәттері жиі болады; ○ қатысу сәттері ұзарады; • Қатысуды енді бастаған кейбір балалар үшін сіздің мақсатыңыз – балаға тағы бірнеше секунд қатысқан күйінде қалуына көмектес; • Бірлескен өзара әрекеттегі азғантай жетістіктердің өзі балалар үшін маңызды зор болуы мүмкін; 	
?	<p><i>Сіз өз балаңыздан не байқайсыз?</i> <i>Сіздің балаңыз қанша уақыттан бері қатыспайды немесе тек заттарға ғана қызығушылық білдіреді?</i> <i>Оның қатыспағанын қалай білесіз?</i> <i>Оның тек заттарға қызығушылық білдіретінін қалай білесіз?</i> <i>Сізге балаңызды бірлескен іс-әрекеттерге қатыстыру қиын ба?</i> <i>Оның қатысқанын қалай білуге болады?</i></p>	
Айтыңыз:	Сонымен, 13-бетте біз бірінші маңызды хабарламаны көреміз:	

№1 негізгі хабарлама:

БІРЛЕСКЕН ІСКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСҚАНДА БАЛАЛАР ҮШІН ҮЙРЕНУГЕ КӨБІРЕК МҮМКІНДІКТЕР ТУАДЫ: СІЗДІ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТТЕРДІ БАЙҚАЙДЫ

БІРЛЕСКЕН ІСКЕ ҚАТЫСУ баланың екі сәтке бір уақытта назар аударуын білдіреді:

- Сізді байқайды;
- Бірге істеп жатқан істі байқайды;

Бірлескен істе сізде келесі мүмкіндік бар:



Сол әрекетпен байланысты баланың тілдесуіне реакция көрсету



Балаға сол әрекетте қолданылатын жаңа сөздерді көрсету



Баланың әрекеттеріне реакция көрсету



Балаға материалдарды пайдаланудың жаңа әдістерін көрсету

• БАСҚА ЖАҒДАЙЛАРДА БАЛАЛАР:

- **қызыға қатыспайды:** кезу, қайталана беретін немесе біртүрлі қимылдар, қадала қарау немесе айналасына алақ-жұлақ қарау;
- **тек заттарға қызығады:** заттарға зейін қойып, зер салып қарау, заттарды белгілі бір ретпен орналастыру, заттармен қайталанатын ойындар ойнау;

• БАЛАЛАР ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСПАҒАНДА НЕМЕСЕ ТЕК ЗАТТАРҒА ҚЫЗЫҚҚАНДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАМАЙДЫ ЖӘНЕ БІЛЕРІ ДЕ АЗЫРАҚ БОЛАДЫ

?	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Әжесі немересін бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыруға тырысады?</i> 	<ul style="list-style-type: none"> — Әжесі баладан келген «ойыншық» деген хабарға доппен ойнауға шақыру арқылы жауап береді, «ойыншықты алғым келеді» деп допты оған қайтарады; — Әжесі баланың судағы шалпылдауына «Шалп!» деп жауап береді. Содан кейін ол баланың бірлесіп қатысуын мақтайды, баланың іс-әрекетіне жауап беруді жалғастыра отырып, баламен қосылып суды шашып ойнайды; — Әжесі бірге ойнайтын ойынның жаңа әдісі мен жаңа тәсілін ұсынады: құмырадан су құю. Содан кейін ол құмыраны балаға беріп, оның су құйғысы келіп талпынатынын көреді;
---	---	---

ҮЗІЛІС (15 минут)

5. ДЕМОНСТРАЦИЯ: «Янамен бірге киінеміз (жалғасы)».

ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ: СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗДЫ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН БАЙҚАҢЫЗ; БАЛАҢЫЗДЫҢ ӨЗІН ҚАЛАЙ ЖАҚСЫ ҰСТАЙТЫНЫН БАЙҚАҢЫЗ (15 МИНУТ)

Бірінші демонстрацияда қолданған футболканы (немесе жемпір/көйлек) пайдаланыңыз. Тек футболканы (немесе жемпір/көйлек) киесіз.

Ата-аналар мағынасын түсінуі үшін демонстрацияны ақырын жүргізіңіз. Ересек адам киім мен аяқкиімді дайындаудан бастайды. Бала еденге немесе орындыққа отырудан бастайды.

Ата-аналарға түсіндіріңіз:	<i>Біз демонстрацияны Яна мен оның анасынан бастауға дайынбыз. Мен Янаның анасымын, мен оған киінуіне көмектесуім керек. Өткен жолы біз Янаның алдында менің оның деңгейінде қалай орналасқанымды, Яна екеуміздің арамызға 2 футболканы жайып қойып, оның өзінің таңдауына ұсыныс бергенімді көрсеткенбіз. Яна ешқандай сөз айта алмайды, бірақ мен оның мына футболкаға қарап тұрғанын байқадым. Оның қызығушылығын байқадым. Мен Яна таңдаған мына футболкадан бастайын деп шештім (мысалы, көк).</i>
Бала:	Футболка жаққа қарайды.
Ересек адам:	Баланың деңгейіне түсіңіз, жағымды және көңілді үнмен сөйлеңіз: «Киініп алайық! Футболкаңды қиетін уақыт келді!»
Бала:	Футболкаға қарай ұмтылады.
Ересек адам:	Ол футболканы алып, жымып, жылы лебізбен сөйлейді: «Футболка! Міне, сенің футболкаң!» Баланың басына футболканы кигізеді. Баланың басын көрінгенде: «Міне, бұл сенсің!» деп айтады.
Бала:	Анасына қарап, күлімсіреді.
Ересек адам:	«Ура! Футболка ішіндегі Яна! Мынау бір қолы!» өз қолын жеңіне салады және баланың қолына кигізуге көмектеседі.
Бала:	Ересек адам жеңін кигізуге көмектесіп жатқанда, бала аздап тынышсызданады.
Ересек адам:	«Әне!» Күлімсіреп, жылы лебізбен: «Екінші қол!» деп айтыңыз. Бұдан бұрын жасаған сияқты жасайды, бірақ баланың қолын жеңінен толық ШЫҒАРМАЙДЫ.
Бала:	Оның қолын сәл итеруге тырысады.
Ересек адам:	«Әне ол!» Күлімсіреп, жылы лебізбен: «Яна, сен маған көмектесіп жатырсың» деп айтыңыз. Баланың қолынан ұстап, қолын жеңіне толық кигізуге көмектесіңіз.
Бала:	Футболканы тартады, бірақ футболканы беліне дейін тарта алмайды.
Ересек адам:	«Жарайсың, кәнеки көмектесейін». Футболканы ақырын беліне қарай түсіреді. Содан кейін: «Біз киініп болдық!» деп айтады.
Ата-аналарға айтыңыз:	<i>Біз қазір киінудің келесі кезеңіне өтуге дайынбыз. Мен Янаға екі нұсқаны ұсынамын: шұлық және шалбар. Біз Янаның алдына шұлық және шалбарды жайып қоямыз.</i>
Бала:	Қызықтырмайды. Алаңдайды, бір шетке қарайды, орнынан тұрады, кеткісі келеді.

Ересек адам:	Ойнақы көңіл күймен баланы киімге қайта алып келеді және өзіне қарай шалбарды тартады. «Яна, шалбарымызды киейік».
Бала:	Шалбарға қарай қолын созады.
Демонстрацияның соңы	



ТАЛҚЫЛАУ

Сіздің әрекеттеріңіз және сөздеріңіз:		Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	<i>Анасы Янаға осы киінуге қатысуға қалай көмектесті?</i>	Ол Янаға екі нақты таңдау ұсынды - шалбар немесе шұлық; Яна таңдау жасамаған кезде, анасы оның орнына таңдау жасады;
	<i>Янаның қызығушылығына анасы қалай ҚАРАДЫ және ТЫҢДАДЫ? Ол таңдауды ұсынды ма?</i>	Ол кідіріп, Янаның қызығушылық танытуын күтті; Ол Янаға көйлегін кигізіп болғаннан кейін шалбар немесе шұлықты таңдауына мүмкіндік берді;
	<i>Яна бір нәрсені жақсы жасаған кезде анасы оны қалай сезгенін Сіз байқадыңыз ба? Бұл ретте анасы не істеді?</i>	Ол Янаны қоштады; Ақырын Янаға киінуге қатысуды – қолын жеңіне кигізуді ұсынды; Ол Яна істеген нәрсені «Сен маған көмектестің» деп айтты. Ол Янаны қолын жеңіне кигізуге және көйлегін тартып беліне қарай түсіруге талпынғаны үшін мақтады; Анасы позитивті болды және баланың көңілін көтеруге тырысты; Ол көңілді дауыспен сөйлеп, елгезек болып көрінді;
Шолу жасаңыз. Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Осы демонстрацияда анасы Янаның мінез-құлқын бақылай отырып, ҚАРАЙДЫ және ТЫҢДАЙДЫ;</i> ○ <i>Янаның іс-әрекетке қатысқанын көргенде немесе тыңдағанда, МАҚТАУМЕН ЖАУАП БЕРЕДІ;</i> ○ <i>Анасы кеңістікті ұйымдастырады, балаға таңдауға - шалбар мен шұлықты ұсынады;</i> ○ <i>Анасы баланың қатысуына қызығушылық таныту үшін оның ТАҢДАУЫН ҰСТАНАДЫ;</i> 	
?	<i>Сұрақтарыңыз бар ма?</i>	
Ата-аналардың сұрақтарына жауап беріңіз.		
Ата-аналардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын ынталандырыңыз.		
Екінші негізгі хабарлама мен 14-17 беттегі ұсыныстарды оқыңыз.		

№2 негізгі хабарлама:

БАЛАЛАР КӨҢІЛДІ, ҰНАМДЫ ЖӘНЕ МАҚТАУҒА ТОЛЫ ІСТЕРДЕ ЖАҚСЫРАҚ ҮЙРЕНЕДІ СІЗ ІСТЕРДІ КӨҢІЛДІ ЖӘНЕ ҰНАМДЫ ЕТЕ АЛАСЫЗ:



- егер баламен жылы және жайдары дауыспен қарым-қатынас жасасаңыз;
- егер оның әрекеттеріне, талпыныстарына және жақсы мінез-құлқына қуанып, өзіңізді бос ұстасаңыз және сабырлы болсаңыз;
- егер мейірімді болсаңыз;
- егер қызығушылығыңызды көрсетсеңіз;
- егер дағдылары және әрекеттерге талпыныстары үшін мақтасаңыз;

Ұсыныс №1

Баланы не ынталандыратынын және не қызықтырғанын байқау үшін ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ



- баланы не қызықтырғанын көру үшін бір-екі секунд бөліңіз;
- 2-3 түрлі іс ұсыныңыз (бұрын айтқанымыздай, әртүрлі істер немесе бір істің түрлі бөліктері);

Балаңыздың таңдауына жауап беру – оның қызығушылығын байқаудың әдісі.

Ұсыныс №2

ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ – бала өзін жақсы ұстаған сәтті байқап, оны мақтаңыз

- Баланың мақтау айтуға болатын дағдыларына және мінез-құлқына қараңыз;
- Балаңызды мақтай алатын мейлінше көбірек сәттерді іздеңіз;
- Сіздің мақтауыңыз балаға оның бірге қатысуға талпынысы туралы білетініңізді түсінуге көмектеседі;
- Мақтау баланы бір нәрсені тағы бір рет жасап көруге итермелейді;
- Мақтау әрекетті көңілді және жайлы етеді;



Баланы қалай мақтауға болады?

- Әдетте бәрін жақсы істегені туралы айта аласыз. Осының өзі балалардың көпшілігі үшін жеткілікті болады. Сіз мақтай аласыз:
 - Күндей күлімдеп, қол шапалақтап, «Жарайсың!», «Ақылдым!», «Жақсы отырсың» деген сөздерді айта аласыз;
 - Аздап қытықтай аласыз немесе балаға ұнайтын басқа үйреншікті әрекетті жасай аласыз (тербету, «ку-ку»);
- Кейде балаға бірдеңені жақсы жасағаны үшін немесе жасап көруге тырысқаны үшін шағын «сыйлық» бере аласыз. Мұндай мақтау сіз және отбасыңыз үшін маңызды, бірақ балаңызды ынталандырмайтын әрекеттер үшін бәрінен де лайықты. Сыйлықтар келесідей болуы мүмкін:
 - сүйікті зат немесе ойыншық;
 - сүйікті дәмді тағамының бір үзімі;
- Балаға күлімдеуді және сонымен бір мезетте оны сөзбен мақтауды ұмытпаңыз!



6 ЖАТТЫҒУ: ҮЙ ПРАКТИКАСЫН ЖОСПАРЛАЙМЫЗ (30 минут)

«ҮЙ ПРАКТИКАСЫ КЕЗІНДЕ «ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ». ЖҮПТЫҚ ЖҰМЫС

Буклеттерді жинап алыңыз. Ата-аналарға арналған Жадынаманы таратыңыз. Естеріне салыңыз, Жадынамада бүгін зерделеген барлық негізгі хабарламалар мен ұсыныстар топтастырылған. Ата-аналарға және отбасы мүшелеріне Жадынаманы үйде пайдаланған ыңғайлы болады.


<p>Жұптық жұмыс практикасын түсіндіріңіз</p>	<p>Енді біз бүгінгі сабақтың дағдыларын бекітуге және үй практикасына дайындалуға жаттығамыз.</p> <p>Сіздер осы ұсыныстарды үйде қалай қолданатындығыңызды өзара талқылап және көрсетуіңіз керек. Біз екі топқа бөлінеміз. Әр ата-ана өз тобынан серіктес таңдауы керек. Жұп арасында келесі сұрақтарды талқылаңыз:</p> <p>а) Бірлескен іс-әрекеттің қандай түрлері таңдалды және неге?</p> <p>б) Сіз қандай заттарды қолданатын боласыз?</p> <p>в) Кеңістікті қалай дайындайсыз?</p> <ul style="list-style-type: none"> – Сіз бірлескен іс-әрекеттерді қай жерде өткізесіз? – Ол жерде сіздің алып тастауыңызға қажет болатын қандай алаңдататын факторлар бар? – Іс-әрекеттің басында, балаға таңдау жасау үшін ұсынуға қажет болатын 2-3 затты жоспарлаңыз (мысалы, әр түрлі әрекеттер немесе сол әрекетке қажет материалдар – мысалы, үш түрлі ойындар); <p>г) Баланың таңдауы мен қызығушылығына қалай құлақ асып және іздеу керек?</p> <p>д) Баланы мақтау үшін дағдылары мен мінез-құлқын қалай бақылайсыз?</p> <p>е) Сіз баланы мақтау үшін не айтасыз немесе не істейсіз?</p> <p>ж) Сіз балаңызбен жаттығуға қолайлы сәтті табуды қалай жоспарлайсыз?</p> <p>з) Бұл іс-әрекет КӨҢІЛДІ, ПОЗИТИВТІ және МАҚТАУҒА ТОЛЫ болуы керек екенін ұмытпаңыз!</p> <p>Мамандар келіп сіздермен бірге жаттығулар жасайды.</p>
---	---

19

<p>Осы жаттығуды орындау кезіндегі сіздің әрекетіңіз</p>	<p>Жұптар талқылап жатқанда, әр жұпты аралап шығыңыз, әрбір адам ата-ана ретінде, ал сіз олардың баласы ретінде жаттығатындай болуы керек. Ата-аналарлар ойын кезінде мыналарды көрсетуі керек:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) олар кеңістікті қалай дайындайды; 2) олар баласының алдында қалай орналасады, баланың деңгейінде болуы және заттарды жайғастыра білуі; 3) олар балаға таңдауды қалай ұсынады және баланың таңдауын қалай ұстанады; 4) баланың қызығушылығы мен таңдауын байқау үшін олар қалай ҚАРАЙДЫ және ТЫҢДАЙДЫ?
--	--

	<p>5) Баланы мақтауға болатын дағдылары мен мінез-құлқын байқау үшін қалай ҚАРАЙДЫ және ТЫҢДАЙДЫ? Олар баланы қалай мақтайды?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әрбір ата-анаға конструктивті кері байланыс жасаңыз; • Пікірталасты қолдап, сұрақтарға жауап беріңіз; • Әрекеттерді ауыстырмас бұрын 1 минут алдын ала ескертіңіз. Мысалы, «біз талқылауды бастауға дайынбыз» (немесе «рөлдерді ауыстыруға дайынбыз, кімде тағы түсініктемелер (комментарии) бар»);
--	---

<p><i>Жұптық жұмыс аяқталған соң үй тапсырмасын түсіндіріңіз</i></p>	
<p>Үй тапсырмасын түсіндіріңіз</p>	<p><i>Кәнеки, үй тапсырмасын талқылайық. Жұмыс дәптердің 5-ші бетін ашыңыз.</i></p> <p><i>Әр ата-ана келесі сабаққа дейін күнделікті 2 жаттығу сабағын таңдайды.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Балаңызға мотивация беретін және жиі кездесетін әрекеттердің түрін таңдаңыз;</i> • <i>Әр іс-әрекет кезінде кем дегенде 5 минут балаңызбен бірге өткізуді жоспарлаңыз. Осы іс-әрекеттерді күн сайын қолдануға тырысыңыз;</i> • <i>Қатысуды балаңызбен бөлісуге тырысыңыз;</i> • <i>Осы уақытқа дейін үйреткен ұсыныстарымызды қолданыңыз:</i> <ol style="list-style-type: none"> 1) <i>Кеңістікті дайындаңыз: алаңдататын факторларды алып тастаңыз, сізге ешкім кедергі болмайтын орынды таңдаңыз;</i> 2) <i>Балаңызды қызықтыратын және мотивация беретін 2-3 нұсқадан бастаңыз және оның таңдауын ұстаныңыз;</i> 3) <i>Баланың алдында және оның деңгейінде орналасыңыз және заттарды араларыңызға жайып қойыңыз;</i> 4) <i>ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ – балаңызға не мотивация берді және оны не қызықтырғанын байқаңыз;</i> 5) <i>ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ – балаңыз өзін жақсы ұстайтын сәтті байқаңыз және оны мақтаңыз;</i>



Ата-аналардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын ынталандырыңыз.	
Қорытынды түсініктемелер (комментарии) беріңіз	<ul style="list-style-type: none"> • Біз келесі сабақта сіздің үй практикаңыз қалай өткенін талқылаймыз; • Егер сізде барлығы ойдағыдай болмаса, алаңдамаңыз; • Алғашқыда қиын болуы мүмкін, бірақ жүйелі жұмыс жүргізілгенде дағдыларды игеруде балалар жетістікке жетеді; <p>Үй практикасы кезінде балаңыздың тәртібіне ерекше көңіл аударыңыз. ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ:</p> <ul style="list-style-type: none"> • балаңыз қалай әрекет етеді? • бала өзара әрекеттесуді қалай қабылдайды? • өзіңіз өзара әрекеттесуді қалай қабылдайсыз?
?	<p>Қандай сұрақтарыңыз бар?</p> <p>Ата-аналардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын ынталандырыңыз.</p>

21

7. САБАҚҚА ШОЛУ (10 минут)

Ата-аналармен негізгі хабарламалар және ұсыныстарға шолуды қайталаңыз (5 минут)

№1 негізгі хабарлама	№2 негізгі хабарлама:
БІРЛЕСКЕН ІСКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСҚАНДА БАЛАЛАР ҮШІН ҮЙРЕНУГЕ КӨБІРЕК МҮМКІНДІК ТУАДЫ: СІЗДІ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТТЕРДІ	БАЛАЛАР КӨҢІЛДІ, ҰНАМДЫ ЖӘНЕ МАҚТАУҒА ТОЛЫ ІСТЕРДЕ ЖАҚСЫРАҚ ҮЙРЕНЕДІ

БАЙҚАЙДЫ	
Ұсыныс №1 БАЛАНЫ НЕ ЫНТАЛАНДЫРАТЫНЫН ЖӘНЕ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН БАЙҚАУ ҮШІН ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ	Ұсыныс №2 ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ – БАЛА ӨЗІН ЖАҚСЫ ҰСТАҒАН СӘТТІ БАЙҚАП, ОНЫ МАҚТАҢЫЗ

Үйренген дағдылар бойынша қорытынды жасаңыз. Дағдыларға шолу (5 минут)

Айтыңыз	<p><i>Әр ата-анадан ойын бөлісуін сұраймын:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Ол бүгін білген бір жаңа дерек (факт);</i> • <i>Ол үйде орындайтын 1-2 тапсырма;</i> • <i>Оны қызықтыратын кез келген сұрақ қойыңыз;</i>
<p>— Ата-аналарға топтан тыс жерде басқа отбасылар туралы ақпаратпен бөліспеу керек екенін ескертіңіз;</p> <p>— Еркін пікір алмасуды орнатыңыз, ата-аналардың өз тәжірибесімен бөлісуін ынталандырыңыз;</p> <p>— Қатысқандары үшін алғыс айтыңыз;</p>	

Айтыңыз:	<p><i>Өтініш, келесі сабаққа мынаны алып келіңіз:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Мұнараларды салуға арналған бірнеше бос контейнерлер немесе құрылысқа керек заттар:</i> <ul style="list-style-type: none"> - <i>тағамға арналған пластикалық ыдыстар;</i> - <i>пластикалық шыныаяқтар;</i> - <i>кішкене картон қораптар;</i> - <i>сусындарға арналған қораптар;</i> - <i>балалар үшін қауіпсіз мұнаралар салу үшін біз пайдалана алатын кез келген нәрсе;</i> • <i>Күнделікті тұрмыстық практикада қолданылатын бірнеше заттар:</i> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Егер сіз кітап қолдансаңыз, өтініш, кітап алып келіңіз;</i> - <i>Егер сіз ойынды пайдаланып жатсаңыз, өтініш, ойнап жатқан заттарды алып келіңіз;</i>
	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Келесі топтық сабақта біз ойнау және іс-әрекеттерді жасау арқылы балаға күнделікті әрекеттердің үйреншікті әдетін қалай қалыптастыруға болатынын білеміз. Келесі сабақтың күні мен уақыты: _____</i> • <i>Егер сіз қандай да бір себептермен келесі сабаққа қатыса алмасаңыз, 4-ші сабаққа келіңіз.</i> • <i>Келмей қалған, өткізіп алған материалдарды меңгеруге көмектесу үшін 15 минут бұрын келуіңізді өтінеміз.</i>